

АКТИВТІ ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛ – АҰМ

Пән: Қазақ тілі
Деңгей – В1
Апта – 1

Кредит саны – 3
Практикалық сабақ - 3

Лексикалық тақырып: **ӘУЛЕТ ДӘСТҮРІ: ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**
Грамматикалық тақырып: **БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН ШАҚ**

Оқытушы:

Грамматикалық түсініктеме

БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН ШАҚ

Қимыл іс-әрекеттің әлдеқашан бұрын орындалғандығын білдіреді.



1

Етістікке **-ған/-ген, -қан/-кен + ж.ж.** жалғануы арқылы жасалады.



Болымды түрі:

* Түбір етістіктің соңғы дыбысы қатаң және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-қан/-кен** жұрнағы жалғанып жіктеледі.

Мысалы: *Мен бас-қан-мын.*

Сен іш-кен-сің.

* Түбір етістіктің соңғы дыбысы дауысты дыбысқа / үнді дауыссыз дыбысқа / **з** дауыссыз дыбыстарына аяқталса **-ған/-ген** жұрнағы жалғанады.

Мысалы: *Мен сал-ған-мын.*

Сен кел-ген-сің.

Болымсыз түрі:

Түбір етістік соңы дауысты дыбысқа / үнді **й, л, р, у** дыбыстарына аяқталса **-ма/-ме** жұрнағы жалғанады және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-ған/-ген** жұрнағы жалғанып жіктеледі.

Мысалы, *Мен жаса-ма-ған-мын.*

Сен көр-ме-ген-сің.

Түбір етістік соңы үнді **м, н, ң / ұяң з** дыбысына аяқталса, оған **-ба/-бе** жұрнағы жалғанады және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-ған/-ген** жұрнағы жалғанып жіктеледі.

Мысалы: *Сен жұм-ба-ған-сың.*

Ол өң-бе-ген.

Түбір етістік соңы қатаң дыбысқа аяқталса, оған **-па/-пе** жұрнағы жалғанады және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-ған/-ген** жұрнағы жалғанып, жіктеледі.

Мысалы: *Мен сат-па-ған-мын.*

Ол төк-пе-ген.

**Болымды түрі:**

Түбір етістіктің соңы дауыссыз дыбысқа аяқталса және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-ып-іп** жұрнағы жалғанып жіктеледі. Тек III жақта соңғы жұрнақтың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-ты/-ті** жұрнағы жалғанады.

Мысалы: *Мен қой-ып-пын.*

Сен күл-іп-сің. Ол өр-іп-ті.

Түбір етістіктің соңы дауысты дыбысқа аяқталса, оған **-п** жұрнағы жалғанып жіктеледі. Тек III жақта сөз құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-ты/-ті** жұрнағы жалғанады.

Мысалы: *Сіз істе-п-сіз.*

Олар ұста-п-ты.

Болымсыз түрі:

Түбір етістік соңы дауысты дыбысқа/үнді **й, л, р, у** дыбыстарына аяқталса **-ма/-ме** жұрнағы жалғанады және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-п** жұрнағы жалғанып жіктеледі. Тек III жақта сөз құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-ты/-ті** жұрнағы жалғанады.

Мысалы, *Мен ұйықта-ма-п-пын.*

Сен кел-ме-п-сің. Ол жүр-ме-п-ті.

Түбір етістік соңы үнді **м, н, ң** / ұяң **з** дыбысына аяқталса, оған **-ба/-бе** жұрнағы жалғанады және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-п** жұрнағы жалғанып жіктеледі.

Мысалы: *Сен көм-бе-п-сің.*

Сіз жаз-ба-п-сыз. Ол жең-бе-п-ті.

Түбір етістік соңы қатаң дыбысқа аяқталса, оған **-па/-пе** жұрнағы жалғанады және құрамындағы дауысты дыбыстың жуан/жіңішкелігіне байланысты **-п** жұрнағы жалғанып, жіктеледі.

Мысалы: *Мен айт-па-п-пын.*

Сіз күт-пе-п-сіз. Ол сөк-пе-п-ті.



1-тапсырма. Жоғарыда берілген бұрынғы өткен шақтың жасалу жолдарына сөйлемдер жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____



1-тапсырма. Төмендегі етістіктерге бұрынғы өткен шақтың **-ған/-ген, -қан/-кен** жұрнағының бірін жалғап жазыңыз.

Сөйлесу, айту, әкелу, әңгімелесу, бару, билеу, жөндеу, сезу, сену, тамақтану, іздеу, үйлену, тұру, ілу, секіру, лақтыру, зерттеу, қуу, сөну, көру, тойлау, салу, пісу, егу, есептеу, ұялу, көшіру, үйрету, танысу, білу, көну, жөну, шығу, табу, тебу, өлшеу, көну, қуану, оқу, қалу, жағу, жүгіру, жіберу, емделу, озу, өту, жинау, тыңдау, тоқу, шашу, аудару, дайындалу.



3-тапсырма. Берілген бұрынғы өткен шаққа қатысты сөйлемге бір сөзден қоса отырып, бес сөйлем жазыңыз.

Үлгі: Мен айтқанмын. Мен ән айтқанмын. Мен тамаша ән айтқанмын. Мен сахнада тамаша ән айтқанмын. Мен үлкен сахнада тамаша ән айтқанмын. Мен былтыр үлкен сахнада тамаша ән айтқанмын.

1. Мен ұшқанмын. 2. Сен тұрғансың. 3. Сіз оқығансыз. 4. Ол көшкен. 5. Біз жасағанбыз. 6. Сендер үйренгенсіңдер. 7. Сіздер көрсеткенсіздер. 8. Олар істеген.



4-тапсырма. Жоғарыда берілген бұрынғы өткен шаққа қатысты сөйлемдерді болымсыз түрге айналдырып жазыңыз.



5-тапсырма. Берілген бұрынғы өткен шақта тұрған сөйлемді болымсыз, сұраулы түрде жазыңыз.

Үлгі: - Сенің досың екі жыл бұрын үйленген.
 - Сенің досың екі жыл бұрын үйленбеген.
 - Сенің досың екі жыл бұрын үйленген бе?

1. Мен биыл Алматыға келгенмін. 2. Сен жеті жасыңда бата бергенсің. Сіз қонаққа дастарқан жайғансыз. 3. Алмастың бір жасында тұсауын кескен. 4. Сендер жеті жаста атқа мінгенсіңдер. 5. Қазақтың кейбір дәстүрлерін ұмытқанмын. 6. Үлкен кішіге сәлем берген. 7. Балаға азан шақырып ат қойған. 8. Сіздер былтыр той жасағансыздар. 9. Олар сахнада қазақ биін билеген. 10. Сәуле кеше көршісіне қонаққа барған.



6-тапсырма. Төмендегі етістіктерге бұрынғы өткен шақтың **-ын/-ін/-н** жұрнағының бірін жалғап сөйлем құрап жазыңыз.

Үлгі: Әсет теңге ілуге қатысыпты.

Қуану, жету, тұру, жинау, салу, ескерту, сақтау, басу, тыңдау, жасыру, тығылу.



7-тапсырма. Жоғарыдағы етістіктерге жазған сөйлемдеріңізді жалғастырып, бұрынғы өткен шақтың болымсыз және сұраулы түрін жазыңыз.

Үлгі: - Әсет теңге ілуге қатыспапты.
 - Әсет теңге ілуге қатыспапты ма?



8-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

ӘУЛЕТ ДӘСТҮРІ: ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Әулет – отбасы ұрпақтарының жиынтығы. Әулет мүшелері өзінің жеті атасын білу арқылы туыстық қарым-қатынасты, әулет үлкендері бекітіп берген әулет дәстүрін қатаң сақтаған.

Қазақ халқының арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаған. Халқымыз әлімсақтан «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деп айтып кеткен. Әулеттегі әрбір отбасы өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ, бесік жыры, батырлар жыры, ертегілер мен аңыздар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, ырым-тиымдар тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні - адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, мінез-құлық, еңбек, дене, отбасы тәрбиесін дұрыс қалыптастыруды көздейді.

Отбасы – әр адамның алтын ұясы. Отбасы ұлттық дәстүр, ұлттық тәрбие қалыптастыруда маңызды орын алады. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақал бар. Сондықтан қазақ отбасында ұл-қыз тәрбиелеуге үлкен мән берген. Отбасында ұлға үйдің күрделі, ірі жұмыстарын үйреткен, ал қызға тамақ істеу, үйді таза ұстау дағдыларын қалыптастырған. Қазақта отбасы мүшелерінің әрқайсысының өз орны бар. Үлкен кісі және қыз бала төрде отырады. Үлкен кісі бата береді. Келін сәлем салады, төрге отырмайды, шәй құяды.

Бала кішкентай кезінен бастап отбасында салт-дәстүрді көріп өседі. Осы қасиетті бойына сіңіреді. Ең негізгісі, қазақ халқы жас ұрпақты сөйлеу мәдениетімен, өнегелі істерімен, табиғи болмысымен үлгі бола отырып тәрбиелеген. «Әкеге қарап, ұл өсер, Шешеге қарап, қыз өсер» деген мақал осыдан шыққан.

Қазақ отбасында «Бір күн ұрыстың, Қырық күн қырсығы бар» деп үйде ұрыспаған, «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп қарияларын құрметтеген, «Қыз – қонақ» деп қызды төрге отырғызған, «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» деп келінге қатты сөйлемеген, «Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, Он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, Он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас» деп бала тәрбиесіне аса мән берген.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Есте сақта!



СӨЗ ЛҰҒАТЫ

Әлімсақтан – әлемнің жаратылған уақыты: ежелден, баяғыдан, атам заманнан бері қарай деген мағынаны білдіреді.
(Өтемісова Г. Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар лұғаты)



9-тапсырма. Мәтіннен түсінгеніңізді бұрынғы өткен шақ формасында ауызша айтып түсіндіріңіз.



10-тапсырма. Мәтінге бұрынғы өткен шақ формасында бес сұрақ қойыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____



11-тапсырма. Мәтіндегі бұрынғы өткен шақ түрінде берілген сөйлемдерді теріп жазып, оқып беріңіз.



12-тапсырма. Мәтінде берілген мақал-мәтелдерді теріп жазып, жаттап, есте сақтаңыз.



13-тапсырма. Берілген сурет бойынша баланың өмірге келуінен бастап аталып өтетін ұлттық дәстүрлерді ретімен айтып шығыңыз.



Керекті сөздер: Үйлену тойы, сүндет той, тұсау кесу, балаға ат қою, бесікке салу, атқа мінгізу, құдаласу.



14-тапсырма. «Отбасы ұлттық құндылық құнын ұғыңыз» айдарымен төмендегі кестені толтырыңыз.

<i>Отбасымда</i>	<i>әже</i>	<i>бала</i>	<i>ана</i>	<i>әке</i>	<i>тәрбие</i>	<i>ата</i>	<i>сыйластық</i>	<i>салт</i>
<i>Ең сыйлы</i>								
<i>Ең қымбатты</i>								
<i>Ең сүйкімді</i>								
<i>Ең құрметті</i>								
<i>Ең құнды</i>								
<i>Ең бағалы</i>								
<i>Ең қажетті</i>								



15-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.

Алыстан үйіңізге қарт адам келді. Үйде сізден басқа ешкім жоқ. Амандасып, жөн сұрасып, әрі қарай өз отбасыңыздың үлкенге көрсетер жөн-жоралғысын жасап, қарт адаммен әңгімелесіңіз.



16-тапсырма. Өз отбасыңызда қалыптасқан отбасы құндылықтарын жазып, ауызша айтып беріңіз.
